

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қарашадағы N 1137 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы N 423 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 18 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 18 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Уларды сатып алу, пайдалану, сақтау, өткізу және жою жөніндегі үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Уларды өндіру, өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қарашадағы N 1137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 44, 520-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген уларды өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары :

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінде уларды өндіру, қайта өңдеу, пайдалану және жою болмаған кезде 1-тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшалары бойынша (еңбек қауіпсіздігін бақылаудан және қоршаған ортаны қорғаудан, уларды медициналық бақылаудан және есепке алудан басқа) мәліметтерді ұсыну талап етілмейді."

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*